

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген
(2018 жылғы 9 сәуірдегі
№ 5/2018 отырыс хаттамасы)**

**«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінің
2017 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп**

«ҚазТрансОйл» АҚ (Компания) акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№ 3/2016 хаттама) бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне (Кодекс) сәйкес, Компания жыл сайынғы негізде Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды.

Кодекстің мақсаты Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративтік басқаруды басшылыққа алуға бейілділігін растау болып табылады. Кодекстің қағидаттары мыналар болып табылады:

1. Үкімет «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде *.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ пен ұйымдардың өзара іс-қимылы. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.
3. Орнықты даму.
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас.
5. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтық.

Компания корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен практиканың оның қағидаттарына сәйкес келуіне аса назар аударады.

* Кодекстің бірінші қағидаты ерекше сипатқа ие және «Самұрық-Қазына» АҚ-ты басқару және «Самұрық-Қазына» АҚ пен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимыл ерекшеліктеріне жатады.

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы /корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару нормаларын/қағидаттарын сақтау үшін орындалған іс-шаралар
1	«Самұрық-Қазына» АҚ пен ұйым-дардың өзара іс-қимылы. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.	Сақталады	<p>Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі оның қызметін тиісінше басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға және орнықты дамуға бағытталады.</p> <p>Компания және оның лауазымды тұлғалары Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру және олардың орнықты дамуы, қабылданатын шешімдер және әрекет/әрекетсіздік үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жауапты болады.</p> <p>Компанияның атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементерінің бірі қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) жүйесі болып табылады. ҚНК тізбесі мен нысаналы мәндерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.</p> <p>Мәселен, Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 1 ақпандағы шешімімен (№2/2017 отырыс хаттамасы) Компания қызметінің 2017 жылға арналған корпоративтік көрсеткіштері және олардың нысаналы мәндері бекітілген. Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 15 наурыздағы шешімімен (№3/2017 отырыс хаттамасы) Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің 2017 жылға арналған уәждемелі негізгі көрсеткіштері мен олардың нысаналы мәндері бекітілген.</p> <p>Жыл сайынғы негізде Компанияның басшы қызметкерлеріне сый беруге ықпалын тигізетін ҚНК-ға қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады.</p>
2	Орнықты даму	Сақталады	Орнықты даму Компания қызметінің басымдылығы болып табылады, оның мақсаты қоршаған ортаны сақтаумен және қорғаумен, қолайлы еңбек жағдайын

жасаумен, жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және Компания қызметін жүзеге асыратын жергілікті қауымдастықтардың дамуына үлес қосумен қатар бизнесті дамыту болып табылады.

Компания органдары Компанияның орнықты даму саласындағы жұмысының, оның ішінде персоналды басқару, табиғатты қорғау қызметтері, біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі бөлігіндегі жұмысының негізгі нәтижелерін тұрақты негізде қарап, талдау жүргізеді.

Компанияны орнықты дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде БҰҰ Жаһандық шартында, ISO 26000 стандартының Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулығында, AA1000 стандартының «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандартында» бекітілген қағидаттар мен ережелерді, GRI орнықты даму саласындағы есептілікті басшылыққа алады және Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырыған орнықты даму саласындағы қызметтің жеке бағыттары бойынша Компанияның ішкі құжаттарымен қатар реттеледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен (№11/2017 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлерінің жаңа картасы бекітілген, онда Компанияның қызметіне ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін мүдделі тараптардың тізбесі анықталған.

2.1 *Қоршаған ортаны қорғау*

Компания өз қызметінің қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуін азайтуға және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану қағидаттарын енгізуге аса назар аударады.

Компания еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің, озық халықаралық стандарттар талаптарын, «ҚазТрансОйл» АҚ саясатының ережелерін және өзге де ішкі корпоративтік құжаттарды қатаң ұстанады, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-қимылдарының айқындылығын және ашықтығын қамтамасыз етеді.

2017 жылы SGS (Societe Generale de Surveillance) сертификаттау жөніндегі халықаралық органы Компания қызметінің ISO 14001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.

Есептік кезең ішінде Компания қоршаған ортаны қорғауға 669,4 млн. теңге қаржы салды және 87,8 млн. теңгеден көп мөлшерде экологиялық төлемдерді жүзеге асырды.

Мұнай тасымалдау кезінде өндірісті тоқтатуға әкеп соққан немесе экологиялық тұрғыда залалын тигізген апаттық жағдайлар 2017 жылы тіркелмеген.

2.2 *Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау*

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында Компания өндірістік объектілердің апатсыз режимде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тырысады, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасап, ұстанады, қызметкерлердің денсаулығын ойлайды және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және

2.3 *Кадрлық және әлеуметтік саясат*

еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының ережелерін және Компанияның ішкі құжаттарын нақты ұстанады.

2017 жылғы маусымда «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты бекітілді.

Сонымен бірге, есептік кезеңде еңбекті қорғау және қызметкерлердің қауіпсіздігі саласындағы ішкі нормативтік құжаттаманы қайта қарау, оларға өзекті сипат беру және жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Құнды Қағидалар» кодексінің әзірленуі мен қабылдануы бұл жұмыстардың маңызды нәтижесі болды, онда өндірістік процесс шеңберінде жұмыстарды қауіпсіз орындау жөніндегі негізгі талаптардың сипаттамасы қамтылған.

2017 жыл ішінде Компанияда өндірістегі 3 жазатайым оқиға тіркелген, олардың нәтижесінде 3 адам зардап шеккен.

Компанияда қолданылатын «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2015-2019 жылдарға арналған Кадрлық саясаты, персоналды басқару қағидастары жүйесін, негізгі бағыттары мен деңгейлері айқындайды.

Компания кадрлық және әлеуметтік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компания қызметкерлері ұжыммен жасаған ұжымдық шартқа сәйкес жасайды.

Компания үйлестірілген әлеуметтік-кадрлық саясатты жүргізу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі жүйелі іс-шараларды іске асыру негізінде еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықтың қамтамасыз етілуіне және жағымды ахуалдың жасалуына ерекше назар аударады.

Компания өз қызметкерлеріне қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелері тұрмысының жағдайын жақсартуға бағытталған, кепілдендірілген

әлеуметтік пакетті ұсынады. Бұдан бөлек, қызметкерлерге ұжымдық шартта көзделетін жеңілдіктер мен кепілдіктердің қосымша көлемі ұсынылады. Компания персоналының 100%-ы (өкілдіктердің қызметкерлерін қоспағанда) ұжымдық шартпен қамтылған.

Адами ресурстарды басқару саласында Компания ұйымдық құрылымды жетілдіру, персонал біліктілігін арттыру, еңбек тиімділігін басқару, жастар саясатының негізгі міндеттері мен бағыттарын іске асыру, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мен дамыту сияқты бағыттарда жұмыс істейді.

Персоналды іріктеу рәсімі Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-та бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа қызметкерлерді бейімдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Компанияда білікті мамандарды іздеу және іріктеу, кандидаттар бойынша деректер базасын жүргізу, бос лауазымдарға/жұмысшы мамандықтарға персоналды іріктеу кезінде, соның ішінде тестілеу элементтерін қолдану арқылы ашық конкурстық рәсімдер енгізу жүзеге асырылады.

2017 жылы персоналды оқыту және дамыту бағдарламалары бойынша 681 іс-шара өткізілді. Көптеген қызметкерлер бірнеше мамандық (бағыт) бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілік арттыру оқуларынан өтті.

Компания өз қызметкерлерінің әлеуетін ашу мен мансаптарының өсуі үшін зор мүмкіндік ұсынып отыр.

Компанияда кадрлық резерв қалыптастырылған, оның мақсаты мирасқорлықты және меншікті басқарушылық кадрларын тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. 2017 жылы Компанияның кадрлық резервінде барлық Компания бойынша 59 адам, оның ішінде Компанияның орталық аппараты бойынша 18 адам есепте тұрды.

2.4	<i>Сатып алу жүйесі және жергілікті қамту</i>		<p>Кадрлық резерв қалыптастырылған сәттен бастап (2010 жыл) кадрлық резервтегі 27 қызметкер, оның ішінде 2017 жылы – 10 қызметкер басқарушылық лауазымға ие болды.</p> <p>Компанияның кадрлық саясатының маңызды бағыты жас мамандармен жұмыс істеу болып табылады. Жас мамандарды Компанияда жұмыс істеуге тарту бойынша кешенді тәсілдер іске асырылып отыр, ол «ҚазТрансОйл» АҚ Жастар саясатында бекітілген.</p> <p>Компания персоналының тартымдылық индексі 2017 жылы 64% құрады.</p> <p>Компания бизнесінің ауқымын ескере отырып, оны орнықты дамыту үшін тиімді сатып алу жүйесі және де Компанияның орталық аппараты мен филиалдарын сапалы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету маңызды мәнге ие.</p> <p>Жеткізушілерді таңдау кезінде Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидасын басшылыққа алады.</p> <p>2017 жылы Компания 90 408 млн. теңге сомаға шарттар жасасты.</p> <p>2017 жылғы шарттар бойынша жергілікті қамту үлесі 68%-ды құрады.</p> <p>Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы ақпарат Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.</p>
3	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары	Сақталады	Акционерлермен барынша ашық және тиімді өзара әрекеттесу Компания қызметінің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Акционерлердің негізгі

<p>және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас</p>		<p>құқықтарын іске асыру заңнамалық актілерге және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысына (Жарғы) сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Ақпаратты ашу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың Ақпаратты ашу туралы қағидаларымен регламенттеледі.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесі барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасқа кепілдік береді, оларға акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Компанияны басқаруға қатысуға, Компания қызметі туралы ақпаратты алуға және дивиденттер алуға деген өз құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен рәсімдері барлық акционерлерге тең қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.</p> <p>Компанияның ірі акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады, оған Қоғамның жай акцияларының 90%-ы тиесілі.</p> <p>Компания мен оның ірі акционері ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында Компания акцияларының Қазақстан қор биржасына алғаш рет орналастырылуына байланысты 2012 жылғы 30 қазанда Компания мен оның ірі акционері арасындағы өзара іс-қимылдың айқын нарықтық қағидаттарын бекітетін және Компанияға өзінің барлық акционерлерінің мүддесіне әрекет етуге мүмкіндік беретін Өзара іс-қимыл туралы келісім жасалды.</p> <p>Акционерлердің мүдделерін қозғайтын ақпарат Компанияның корпоративтік веб-сайтына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет ресурстарына және қаржылық есептілік депозитарийіне уақтылы орналастырылады.</p> <p>Компанияда инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет құрылған, оның міндеті Компанияның инвестициялық-тартымды компания ретіндегі беделін қолдау әрі нығайту мақсатында Компания басшылығы мен инвестициялық қоғамдастық (әлеуетті инвесторлар, миноритарлық акционерлер және бағалы</p>
---	--	--

			<p>қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар) арасында тиімді қатынас жолын ұйымдастыру болып табылады.</p> <p>2017 жылғы 25 мамырда Компания акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысында мынадай:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Компанияның 2016 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы; - Компанияның 2016 жылғы таза кірісін, өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Компанияның бір жай акциясына есептегендегі дивиденттің мөлшерін бекіту туралы; - Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы атқарған жұмысы туралы жылдық есепті бекіту туралы; - Компания акционерлерінің 2016 жылғы Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы; - Компанияның есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату туралы және Компанияның есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселелер қаралды. Акционерлер мен мүдделі тараптар да жылдық есеп арқылы ақпарат алып отырады, оның ішінде ол Директорлар кеңесінің есебін және аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті қамтиды. <p>2017 жылы Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне жүгінулер келіп түскен жоқ.</p>
4	<p>Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі</p>	Сақталады	<p>Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылық етуді қамтамасыз ететін, өз құзыреті шегінде Компания Басқармасының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыратын Компанияның басқару органы болып табылады және акционерлердің жалпы жиналысы алдында қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Компания қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін жауапты болады.</p>

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына жеті адам енгізіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады. Сондай-ақ Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) да Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесінің Төрағасы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Данияр Берлибаев болып табылады. Сондай-ақ Нуртас Шманов пен Ардак Мукушов ірі акционердің өкілдері болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары кәсіби атаққа ие және саладағы жұмыс тәжірибесі айтарлықтай.

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп жыл сайын Компанияның жылдық есебінде жарияланады.

2017 жылы Директорлар кеңесінің 11 бетпе-бет отырысы өткізілді, онда Компания қызметінің негізгі бағыттарының 130 мәселесі қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданды. Сонымен бірге Компанияның еншілес және бірлескен-бақыланбалы ұйымдары қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстары құзыретіне жатқызылған мынадай:

- ЕББҰ-ның 2016 жылғы жылдық қаржылық есептерін бекіту туралы;
- ЕББҰ-ның 2018 жылға арналған бюджеттерін бекіту туралы;
- Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында «Қазақстан-Қытай Құбыр желісі» ЖШС-тің Кеңқияқ-Күмкөл магистральдық құбыр желісі арқылы мұнай қотару жөніндегі қызметіне арналған уақытша тарифті белгілеу қажеттілігі туралы;
- «МұнайТас» СБҚК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау және оның мүшелерін сайлау туралы;
- «МұнайТас» СБҚК» АҚ тәуелсіз директорларына төленетін сыйақы мөлшерін және төлеу шарттарын анықтау туралы;
- «МұнайТас» СБҚК» АҚ-тың 2016 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және «МұнайТас» СБҚК» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденттің мөлшерін бекіту туралы;
- «МұнайТас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі етіп өзгерту арқылы «МұнайТас» СБҚК» АҚ ерікті қайта құру, өзгертуді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары, «МұнайТас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының қатысу үлестерін анықтау тәртібі туралы мәселелер қатары қаралды.

2017 жылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері туралы қосымша ақпарат Компанияның веб-сайтында «Корпоративтік басқару» бөліміне орналастырылған.

Аса маңызды мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Компанияда Директорлар кеңесінің келесі комитеттері жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет;

		<ul style="list-style-type: none">– Ішкі аудит жөніндегі комитет;– Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет. <p>Комитеттердің мүшелерін Компанияның Директорлар кеңесі тағайындайды. Комитеттердің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі олар туралы тиісті ережелерде көзделеді.</p> <p>2017 жыл ішінде Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 6 бетпе-бет отырысы, Ішкі аудит жөніндегі комитеттің 9 бетпе-бет отырысы, олардың ішінде 2 отырыс сырттай дауыс беру арқылы және Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 5 бетпе-бет отырысы өткізілді.</p> <p>Компания үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері жұмысының тиімділігін кешенді бағалауды, директорлар қызметін жеке бағалауды үнемі жүргізіп отырады.</p> <p>2017 жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау үшін тәуелсіз консультант – консорциум тартылды, оның құрамында халықаралық жария компаниялардың директорлар кеңесінің қызметін бағалауда айтарлықтай тәжірибесі бар «Olympex Advisers» ЖШС (Қазақстан Республикасы) мен «TopCompetence» ЖШҚ (Ресей Федерациясы) бар.</p> <p>Бағалау нәтижелері акционерлердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау, стратегияны қалыптастыру, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметіне бақылау жасау, Компанияның менеджментімен жемісті өзара әрекет ету тұрғысында Директорлар кеңесі өз рөлін тиімді атқарғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, жұмысты одан әрі дамыту мен жақсарту үшін ұсынымдар берілді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысында талқыланды. Талқылау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 маусымдағы шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзекті сипат беру туралы шешім қабылданды.</p> <p>Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы және (немесе) шығыс өтемақысын төлеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік</p>
--	--	--

			<p>қоғамдарының тәуелсіз директорларына сыйақы және (немесе) шығыс өтемақысын төлеу қағидасымен реттеледі.</p> <p>Компания Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне жетекшілік ететін және өз функцияларын Жарғы, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ереже және Компанияның өзге де ішкі құжаттары негізінде жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.</p> <p>Компания Басқармасын бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады. Компания Басқармасының құзыреті және Компанияның бас директорының (Басқарма төрағасының) өкілеттіктері Жарғының 12-бабында белгіленген.</p> <p>2017 жыл ішінде Компания Басқармасы 39 бетпе-бет отырыс өткізді. Компания Басқармасында барлығы қаралған 209 мәселе бойынша шешім қабылданды, 208 тапсырма берілді, орындалмаған тапсырмалар жоқ. Бұл ретте, Басқарма қараған 88 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына енгізілді, олардың ішінде 4 мәселе Компания акционерлерінің Жалпы жиналысына қарауға енгізілді.</p>
5	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	Сақталады	<p>Компанияны корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі тәуекелдерді басқару жүйесі болып табылады, ол тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) және ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) қамтиды.</p> <p>Компанияның ТБКЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға жетуіне кері әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және азайтуға бағытталған. 2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатына өзекті сипат беріп, бекітті, ол терминологияны, Компанияның ТБКЖ-нің мақсаттары мен міндеттерін анықтауды, ұйымдық құрылымын, оны ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын қамтиды. Бұл ретте, аталған Саясатта Компанияның ТБКЖ-нің негізгі міндеттерінің бірі болып – Компанияда, сондай-ақ осыған ұқсас Компанияның ЕББҰ-да желілік деңгейден бастап жоғарғы деңгейге дейін өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді сатылай басқару процесін енгізу, тәуекелдерді басқару процесін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық компаниялар тобы бойынша бастамашылық еткен Компанияның негізгі бизнес-процесстерімен</p>

ықпалдастыру болып белгіленген. Жаңартылған ТБКЖ аясында жұмыстарды жүзеге асыру тәртібі Компанияның Директорлар кеңесі 2017 жылы өзекті сипат беріп, бекіткен Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттарында бекітілген.

2017 жылы өткізілген жоспарланған кезеңге (2018 жыл) өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді сәйкестендіру және оларды бағалау нәтижелері, тәуекелдердің іске асу мүмкіндігін төмендетуге, болуы ықтимал қаржы ысыраптарын азайтуға/алдын алуға бағытталған тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары және негізгі тәуекел көрсеткіштері Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен (№11 отырыс хаттамасы) бекітілген болатын.

Компанияның ІБЖ Компанияның қызметіне тән процесстік деңгейдегі тәуекелдерді уақтылы анықтау мен талдауға, сондай-ақ ІБЖ-нің негізгі үш: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау саласында осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтау мен талдауға бағытталған.

2017 жылы ІБЖ одан әрі жетілдіру мақсатында келесі іс-шаралар іске асырылды:

1) Компанияның орталық аппаратының және мұнай құбыры басқармаларының бизнес-процесстерін жіктеуішке өзекті сипат берілді;

2) Компанияның орталық аппаратының негізгі бизнес-процесстері бойынша тәуекелдер мен бақылаулардың блок-схемасына және матрицасына өзекті сипат берілді;

3) Компанияның мұнай құбыры басқармаларының негізгі бизнес-процесстері бойынша тәуекелдер мен бақылаулардың блок-схемасы және матрицасы әзірленіп, бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 15 қарашадағы шешімімен (№15/2012 хаттама) Компанияның қызметін жетілдіру мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, ішкі бақылау,

			<p>тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және кеңес беруді жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылған.</p> <p>Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің жұмысына Компанияның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі өз қызметін Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.</p> <p>2017 жылы Ішкі аудит қызметінің 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес Компанияның жекелеген бизнес-процесстеріне 5 аудит, сондай-ақ Компания ЕББҰ-ның өндірістік, операциялық және қаржы процесстеріне жеке аудиттер жүргізілген.</p> <p>Аудит барысында 2017 жылы Ішкі аудит қызметі 123 анықтау тауып, 166 ұсыным берген. Ішкі аудит қызметінің барлық ұсынымдары бойынша аудит объектілері Анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдары жоспарын әзірлеп, бекіткен.</p>
6	Ашықтық	Сақталады	<p>Компания төмендегілерді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын; - «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңын; - «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңын; - «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-

ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысын;

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылғы 27 сәуірдегі № 15 хаттама) Листингтік қағиданы (Листингтік қағида);

- Жарғыны және Корпоративтік басқару кодексін, «КазТрансОйл» АҚ ақпаратын ашу туралы қағиданы, «КазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратын басқаруға және қолдануға ішкі бақылау жасау қағидасын және Компанияның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа ала отырып, мәліметтер коммерциялық, қызметтік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны білдіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметінің барлық аспектілері бойынша ақпаратты мүдделі тараптарға уақтылы және толық ашуды қамтамасыз етеді.

«КазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратын басқаруға және қолдануға ішкі бақылау жасау қағидасын сақтау мәселесі жөніндегі ақпарат және Компанияның 2017 жылғы өткізілген инсайдерлерді оқыту нәтижелері бойынша есеп Компанияның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінде 2018 жылғы 15 ақпанда қаралды (№1/2018-КВА отырыс хаттамасы).

Тұтас алғанда Компанияның қызметі туралы өзекті ақпаратты заманауи ашу жолымен Компанияның ашықтығын арттыру жөніндегі жұмыс тиісті түрде жүзеге асырылып отыр.

Қазақстан қор биржасы (KASE) 2017 жылдың қорытындысы бойынша «КазТрансОйл» АҚ-ты «Ашықтыққа талпынғаны үшін» дипломымен марапаттады. Ол туралы шешімді KASE Басқармасы KASE ішкі құжаты

«Листингтік компанияларды жыл сайынғы марапаттау қағидасына» сәйкес 2018 жылғы 6 ақпанда қабылдады.

2017 жылғы 13-17 қараша аралығындағы кезеңде «Инсайдерлік ақпараттың қолданылуын құқықтық реттеу» тренинг-семинарлары сериясын өткізу арқылы Компания инсайдерлерін оқыту жүргізілді.

Оқу жүргізу кезінде инсайдерлік ақпаратты ашудың кейбір ерекшеліктері, инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданумен байланысты болуы мүмкін тәуекелдер, осы саладағы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік түрлері қарастырылды, сондай-ақ күнделікті жұмыс барысында туындайтын нақты тәжірибелік оқиғалар талқыланды.

Компанияның инсайдерлері болып табылатын, оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны 106 адамды құрады, оның ішінде Компания Басқармасының 8 мүшесі оқудан өтті.

Реттеуші органдар тарапынан ақпаратты уақтылы жібермеу фактілері не болмаса тиісті материалдарға ескертулер болған жоқ.

Компания қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, жылдық, жарты жылдық және тоқсан сайынғы қаржылық есептілік дайындайды. Есептер қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында және Компанияның корпоративтік веб-сайтына уақтылы орналастырылады.

Компанияның 2017 жылғы қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясы жүргізді, ол Компанияның 2017 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдайының, көрсетілген күнге аяқталған жылға арналған қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысының қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дұрыс көрсетілгенін растады.